

**Орал политехникалық колледжі  
әдістемелік кеңесінің 2018-2019 оқу жылындағы  
№1 отырысының хаттамасы**

03.09.2018ж.

**Қатысқандар:** колледждің инженер – педагогикалық ұжымы

**Кенес төрайымы:** Турешова Г.Ж., директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

**Күн тәртібінде:**

1. 2018-2019 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Оқу үдерісін жүзеге асыруға қолданылатын нормативтік құжаттарды қарап, талқылау; КТЖ, жұмыс бағдарламаларын бекіту.
3. 2018-2019 оқу жылына арналған әдістемелік семинардың жұмыс жоспарын бекіту.
4. 2018-2019 оқу жылына арналған аралық бақылауға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
5. 2018-2019 оқу жылына арналған әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарын бекіту.
6. Авторлық жұмыс бағдарламаларын бекіту (ПЦК төрағаларының сөзі).
7. 2018-2019 оқу жылына арналған педагогтардың біліктілігін арттыру және аттестаттау жоспарын бекіту.
8. Кітапхананың оқу-әдістемелік әдебиеттермен, электронды оқулықтармен толықтығы. Мерзімдік кәсіби басылымдарға жазылу туралы. (Ахмадиева Ж.С.)

**Күн тәртібі бойынша тыңдалды:**

**1 – мәселе бойынша Турешова Г.Ж.:** Орал политехникалық колледжінің 2018-2019 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары жасалды, жоспарды жасау кезінде ПЦК жылдық жоспарлары негізге алынды. Жоспар келесі бөлімдерден тұрады: өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмысқа талдау; жалпы әдістемелік жұмыс жоспары, бағыттар, формалар мен нысандар бойынша және жас мамандар мектебінің жұмыс жоспары; әдістемелік кеңес отырысының жылдық жоспары. Орал политехникалық колледжінің 2018-2019 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекітуге ұсынамын. Колледж директорының бұйрығымен 2018-2019 оқу жылында жұмыс жасау үшін әдістемелік кеңес келесі құрамда ұсынылады:

Кеңес төрайымы: Турешова Г.Ж., директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Кеңес хатшысы: әдіскер Шайжанова А.А.

Кеңес мүшелері:

1. Масалимова Р.С. – директордың ОЖ жөніндегі орынбасары;
2. Горлов М.П. – директордың ӨОЖ жөніндегі орынбасары;
3. Запраметова Н.И. – директордың ТЖ жөніндегі орынбасары;
4. Бейлова М.С. - гуманитарлық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
5. Тулегенова К.К. – жаратылыстану – математика бағытындағы ПЦК жетекшісі;
6. Ниязов Қ.К.. - дене тәрбиесі және АӘД ПЦК жетекшісі;
7. Капашева М.Т. - құрылыс бағытындағы ПЦК жетекшісі;
8. Султанова Г.А. - электр техникалық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
9. Мулдашева К.Ұ. - автотехникалық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
10. Нұрахметова Ж.С. – колледждің кәсіподақ ұйымы төрайымы.

**2 – мәселе бойынша Масалимова Р.С., директордың ОЖ жөніндегі орынбасары:** 2018-2019 оқу жылына барлық пәндер бойынша жұмыс бағдарламасы, күнтізбелік тақырыптық жоспарлар жасалсын. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар негізінде жасалған жұмыс жоспары бойынша алған сағаттарыңызға БЖҒ министрлігімен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жұмыс бағдарламасы жасалады, содан соң барып КТЖ жасалу керек. Дайын болған құжаттарыңызды бекітуге ұсынамын. Орал политехникалық колледжінің бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бойынша 2015-2018 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жасалды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша жұмыс бағдарламалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысына, 2017 жылғы 15 тамыздағы №484 қаулысына және техникалық оқу – әдістемелік кеңесінде қаралған және келісілген (24.08.2015. хаттама №3) үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жасалды. 1 курстың барлық мамандықтары үшін Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, өндірістік оқыту бойынша Жұмыс бағдарламалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысына, 2017 жылғы 15 тамыздағы №484 қаулысына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығына және №111, 1216, 2116 - топтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығына сәйкес құрастырылды.

2 курстың барлық мамандықтары үшін Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, өндірістік оқыту бойынша Жұмыс бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен (ҚР Үкіметінің 13.05.2016ж. №292 және 15.08.2017ж. №484 қаулыларында енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен бірге) бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығына сәйкес құрастырылды.

3 курстың 1401000 – Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану, 1403000 – Ішкі санитарлық - техникалық қондырғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді құрастыру және пайдалану (түрлері бойынша), 0910000 – Электр және электрмеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша), 1201000 – Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, мамандықтары бойынша жалпы кәсіптік және арнайы пәндері және өндірістік оқыту үшін Жұмыс бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен (ҚР Үкіметінің 13.05.2016ж. №292 қаулысында енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен бірге) бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығына сәйкес құрастырылды.

4 курстың №141, №142 - топтар барлық мамандықтары үшін Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, өндірістік оқыту бойынша Жұмыс бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ТЖКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін бағдарламаларын бекіту» туралы 2014 жылғы 29 шілдедегі №312 бұйрығына сәйкес құрастырылды.

Барлық жалпы білім беретін пәндер үшін Жұмыс бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысына, 2017 жылғы 15 тамыздағы №484 қаулысына және техникалық оқу – әдістемелік кеңесінде қаралған және келісілген (24.08.2015. хаттама №3) сәйкес пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жасалды  
«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша білім алатын 1401000 – Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандығы, 140120 2 – Құрылыстың құрғақ әдіс жөніндегі маманы, 140103 2 – Құрылыс шебері, 1401213 – Техник құрылысшы (121 «Б»), 1401000 – Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандығы, 140120 2 – Құрылыстың құрғақ әдіс жөніндегі маманы, 140122 2 – Қаңқа – қаптауыш құрылымдарды монтаждаушы біліктілігі бойынша III курстың жалпы кәсіптік және арнайы пәндері және өндірістік оқыту үшін Жұмыс бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен (ҚР Үкіметінің 13.05.2016ж. №292 және 15.08.2017ж. №484 қаулыларында енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен бірге) бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72

бұйрығына, 1201000 – Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, 120107 2 – Автокөлікті жөндеу слесарі. 120101 1 – Жүргізуші, 120111 3 - Электр механигі (211 «б») біліктілігі бойынша 1 курстың жалпы кәсіптік және арнайы пәндері және өндірістік оқыту үшін Жұмыс бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен (ҚР Үкіметінің 13.05.2016ж. №292 және 15.08.2017ж. №484 қаулыларында енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен бірге) бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығына және 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығына сәйкес құрастырылды. Олардың оқу жұмыс бағдарламалары, күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары, сабақ жоспарлары ПЦК отырыстарында қаралып, бекітуге ұсынылып отыр.

«Электргаздәнекерлеуші» біліктілігі бойынша оқитын №11,12 – топ студенттері және «Жарық беру және жарықтандыру желілері бойынша электрмонтаждаушы» біліктілігі бойынша оқитын №15 топ студенттері БҚО ББ 20.08.2014ж. №597 бұйрығына сәйкес дуальды жүйе бойынша оқиды. Ол топтардың оқу жұмыс жоспарлары дуальды жүйеге сәйкестендіріліп, БҚО кәсіпкерлер палатасымен, БҚО Білім басқармасымен және әлеуметтік серіктестермен келісіле отырып жасалды. Оқу жұмыс бағдарламалары ПЦК отырыстарында қаралып, бекітілді.

«Білім беру ұйымымен анықталатын пәндер» циклындағы 36-72 сағат көлеміндегі сағаттар арнайы пәндерді оқытуға және өндірістік оқыту сабақтарына бөлінді.

Факультативтік сабақтар төмендегіше бөлінді:

«Өзін – өзі тану» пәні негізі орта білім базасында I курста және II курстарда 34 сағаттан, барлығы 68 сағат, ал жалпы орта білім негізінде I курста 34 сағат (ҚР білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаментінің 2013 жылғы 14 маусымдағы №11-2/1288 хаты негізінде);

БҚО білім басқармасының нұсқау хаты негізінде «Қазақстандық құқық» - 17-18 сағат, «Өлкетану» - 36 сағат, «Дінтану» - 36 сағат, «Ақмеология» - 18 сағат көлемінде;

ҚР білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 12 қазандағы №1319/02-2-1 хаты негізінде «Электрондық үкімет» - 34 сағат, ҚР білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі №4-13-2-1/3113-И хаты негізінде I курстарда «Кәсіпкерлік қызметінің негізі» - 36 сағат, III курстарда – 18 сағат арнайы пәндерді тереңрек меңгеру үшін және дипломдық жобаға дайындық жүргізу үшін «Құрылыстағы дизайн» - 94 сағат. Еңбек нарығында жоғары білікті мамандарды даярлау үшін экспериментальді түрде «3Д модельдеу» факультатив сабағы 34 сағат көлемінде енгізілді.

**3 – мәселе бойынша** әдіскер А.А.Шайжанова 2018 – 2019 оқу жылында колледж инженер педагогтары үшін өткізілетін әдістемелік семинарлардың тақырыбымен таныстырып, жоспарын бекітуге ұсынды.

**4 – мәселе бойынша:** Р.С.Масалимова 2018-2019 оқу жылына арналған аралық бақылауға арналған жұмыс жоспарын бекітуге ұсынды. Сонымен қатар, 2018 – 2019 оқу жылында өтетін аралық көшіру емтихандарының өту барысын ұйымдастыру, қадағалау және көмек көрсету мақсатында комиссия өз жұмысын жалғастырады. Комиссия құрамында: Қ.Ж.Қырықбаев (төраға), Р.С.Масалимова, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, Г.Ж.Турешова, директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары және әр пәнге сәйкес келетін пән оқытушылары ассистент ретінде.

**5 – мәселе бойынша:** Г.Ж.Турешова 2018-2019 оқу жылына арналған әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарын бекітуге ұсынды.

**6 – мәселе бойынша:** А.А.Шайжанова ПЦК жұмысының ұйымдастырылуымен таныстырды. 2018-2019 оқу жылында барлығы 6 ПЦК жұмысын ұйымдастыру ұсынылады. Олар:

1. Бейлова М.С. - гуманитарлық бағыттағы ПЦК төрайымы;
2. Тулегенова Қ.Қ. – жаратылыстану – математика бағытындағы ПЦК төрайымы;
3. Ниязов Қ.К.. - дене тәрбиесі және АӘД ПЦК төрағасы;
4. Капашева М.Т. - құрылыс бағытындағы ПЦК төрайымы;
5. Султанова Г.А. - электр техникалық бағыттағы ПЦК төрайымы;
6. Мулдашева К.У. - автотехникалық бағыттағы ПЦК төрайымы;

ТЦК жетекшілері сөз алып жылдық жұмыс жоспарларымен таныстырды және бекітуге ұсынды. 2018 – 2019 оқу жылына жасалған авторлық жұмыс бағдарламаларын(модуль бойынша) бекітуге ұсынды.

**7 – мәселе бойынша:** Г.Ж.Турешова 2018-2019 оқу жылына арналған педагогтардың біліктілігін арттыру және аттестаттау жоспарын бекітуге ұсынды. Алдағы оқу жылында біліктілік курстарынан, аттестациядан өтетін педагогтар тізімімен таныстырды және өзбілімдерін жетілдіріп, тәжірибелерін тарату маңыздылығына ерекше назар аудару керектігіне тоқталды.

**8 – мәселе бойынша:** Ж.С.Ахмадиева кітапхананың оқу-әдістемелік әдебиеттермен, электронды оқулықтармен толықтығы туралы мәлімет берді. Мерзімдік кәсіби басылымдарға жазылу туралы айтып, педагогтарды мерзімдік басылымдарға жазылуға шақырды. Арнайы пәндер бойынша жаңа кітаптар алынатындығын айтып, қажет кітаптарға тапсырыс берулерін өтінді.

**Шешім қабылданды:**

1. 2018-2019 оқу жылына ұсынылған әдістемелік кеңес құрамы мен жоспары бекітілсін.
2. Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің оқу – жұмыс бағдарламалары, күнтізбелік тақырыптық жоспарлары, авторлық модульдік оқыту бағдарламалары бекітілсін.
3. Ұсынылып отырған Пәндік циклды комиссия жетекшілері тағайындалып, жұмыс жоспарлары бекітілсін.
4. 2018-2019 оқу жылына арналған әдістемелік семинардың жұмыс жоспарын бекітілсін.
5. 2018-2019 оқу жылына арналған аралық бақылауға арналған жұмыс жоспары бекітілсін. 2018 – 2019 оқу жылында өтетін аралық көшіру емтихандарының өту барысын ұйымдастыру, қадағалау және көмек көрсету мақсатында ұсынылып отырған комиссия құрылсын және құрамы бекітіліп, емтихандардың өз деңгейінде өткізілуі қадағалансын.
6. 2018-2019 оқу жылына арналған педагогтардың біліктілігін арттыру және аттестаттау жоспары бекітілсін.
7. Кітапхананың оқу-әдістемелік әдебиеттермен, электронды оқулықтармен толықтыру, мерзімдік кәсіби басылымдарға жазылу жалғасын тапсын.

Кеңес төрайымы:  Турешова Г.Ж.

Хатшы:  Шайжанова А.А.

**Орал политехникалық колледжі**  
**әдістемелік кеңесінің 2018 - 2019 оқу жылындағы**  
**№2 отырысының хаттамасы**

12.11.2018ж.

**Қатысқандар:** колледждің инженер – педагогикалық ұжымы

**Кеңес төрайымы:** Турешова Г.Ж., директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Кеңес төрайымы: Турешова Г.Ж., директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Кеңес хатшысы: әдіскер Шайжанова А.А.

Кеңес мүшелері:

1. Масалимова Р.С. – директордың ОЖ жөніндегі орынбасары;
2. Горлов М.П. – директордың ӨОЖ жөніндегі орынбасары;
3. Запраметова Н.И. – директордың ТЖ жөніндегі орынбасары;
4. Бейлова М.С. - гуманитарлық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
5. Тулегенова К.К. – жаратылыстану – математика бағытындағы ПЦК жетекшісі;
6. Ниязов Қ.К.. - дене тәрбиесі және АӘД ПЦК жетекшісі;
7. Капашева М.Т. - құрылыс бағытындағы ПЦК жетекшісі;
8. Султанова Г.А. - электр техникалық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
9. Мулдашева К.Ұ. - автотехникалық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
10. Нұрахметова Ж.С. – колледждің кәсіподақ ұйымы төрайымы.

**Күн тәртібінде:**

1. Әдістемелік кеңестің №1 отырысы шешімінің орындалуы. – Турешова Г.Ж.
2. Қыркүйек айында өткен тілдер онкүндігінің жұмысын қорытындылау. – Шайжанова А.А.
3. «Кәсіпқор» холдингі өткізген біліктілік арттыру кустарынан өткен өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының шығармашылық есептерін тыңдау (Косалиева Г.Қ., Ирубаева Б.Т., Кабашева Ж.А., Шахаев Т.Е., Нұрахметова Ж.С., Сарсен Қ.А.) – Шайжанова А.А.
4. Өз бетінше білім алу тақырыбында оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру. Мәселелер. Жетістіктер. Болашағы. (Турешова Г.Ж.)
5. ПЦК оқытушылары сабақ өткізу және оқу құжаттарын жүргізу сапасы туралы колледжішілік бақылау нәтижесі. (Турешова Г.Ж., Масалимова Р.С.)
6. Колледждің әдістемелік тақырыптарын жүзеге асырудағы кітапхана рөлі. Жаңа ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, кітапхананың мерзімді басылымдарына шолу. – Ахмедиева Ж.С.

**Күн тәртібі бойынша тыңдалды:**

**1 – мәселе бойынша Турешова Г.Ж.:** 2017-2018 оқу жылына ұсынылған әдістемелік кеңес құрамы мен жоспары бекітілді, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің оқу – жұмыс бағдарламалары, күнтізбелік тақырыптық жоспарлары, модульдік оқыту бағдарламалары бекітілді. Пәндік циклды комиссия жетекшілері тағайындалып, жұмыс жоспарлары бекітілді.

**2 – мәселе бойынша Бейлова М.С., гуманитарлық бағыттағы ПЦК жетекшісі:** 2018-2019 оқу 2018 жылғы 17 - 29 қыркүйек айында оқушыларды тілдердің мол мұрасымен кеңінен таныстыру. Жас ұрпақты ана тілінің қадір – қасиетін түсіне білуге шақыру. Олардың халқына деген, тіліне деген махаббатын арттыру. Тілдердің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосу мақсатында **«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫН БІРІКТІРЕТІН ТІЛ»** тақырыбында Қазақстан Республикасының Тілдері күні мерекесіне арналған шаралар оздырылды. Алғашқы күні «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» тақырыбында ақпараттық стенді жасақталып, 18 қыркүйек күні I санатты тарих пәнінің оқытушысы Баян Сериковна Матыбаева I курс студенттері арасында «Алаш елі - қазақ елі» тақырыбындағы конференцияда студенттердің өз ойын айта білуге, жүйелі түрде ойлауға, ізденуге бағыттау, іс-әрекеттерді реттеуге үйрету, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру мақсатында ұйымдасытырылған шара болды. Сонымен қатар шара барысында оқытушы оқушыларға алаш елі туралы баяндап, өз елінің ұлтжаны болуға, еліміздің болашағы жастардың қолында екенін баса айтты, тәрбиелік мәні зор шара болды. 19 қыркүйек күні II санатты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Рима Үмбетова «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл» атты сыныптан тыс шарада әртүрлі

тапсырмалар беру арқылы оқушыларға қазақ халқының салт – дәстүрі, тағамы, қазақ халқының қонақжайлығы мен бауырмалдығы туралы насихаттап, елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен, қазақтың ұлттық коды – төл жазу латын әліпбиімен байланыстыра отырып, оқушыларға қызықты етіп өткізсе, I курс №23 - топта «Тілден терең теңіз жоқ» атты сайысты жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің оқытушысы Нурия Кадемовна Гильманова және I санатты тарих пен география пәндерінің оқытушысы Шахаев Танат Есенгельдиевичпен бірлесе отырып, сайыс барысында сахналық қойлым мен ән шырқап, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру, оқушыларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оздырылға шара өткізді. Ал I санатты ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Дарғалиева Фарид Мустафиевна «Иностранный язык объединяет мир» тақырыбында оқушылар конференциясы жоспарға сай өткізсе, шара барысында оқушылар өз беттерімен дайындаған жұмыстарын қорғап, талқылап, көкейлеріндегі сұрақтарға жауап алып, баяндаса, I санатты ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Нургуль Тастемировна «Роль иностранного языка в современном мире» атты диспут сабағы оқушылардың қызығушылығын арттыратын, әдістемлік жағынан жақсы құрылған, өте жақсы, жоғары деңгейде, сабақтың кәсіби бағдары тартымды, оқытушы уақытты тиімді пайдалана біліп қатысушылардың көңілінен шыққан мақсатына жеткен шара деп бағаланды. Жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Бейлова Маржан Серікбаевна мен Сағатова Балқия Дүйсенбаевна II курс студенттері арасында «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты сайыс сабақ өткізді. Сайыс үш тілде оздырылды. Топтарды таныстыру, тіл туралы өлең жолдарын оқу, грамматикалық тапсырмаларды орындау, шығармашылық жұмыс, жалғасын тап, бәйге сияқты бірнеше кезеңдерден тұрды. Оқушыларды бойындағы шапшаңдық, ұқыптылық, тез шешім қабылдау, өз ойларын еркін жеткізу секілді қасиеттері сайыс барысында ескеріліп, қойылған критерийлерге сай топ жеңімпаз атанды. Апталық «Тіл тұтастық туы» атты әдеби – сазды кешпен қортындыланды. Апталықта жоспарланған іс – шаралар барлығы жүзеге асырылды.

**3 – мәселе бойынша тыңдалды:** Кәсіпқор» холдингі өткізген біліктілік арттыру кустарынан өткен өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының шығармашылық есептері тыңдалды. Оқытушы Кабашева Ж.А. және өндірістік оқыту шеберлері Ирубаева Б.Т., Ишанғалиев А.С., Қосалиева Г.Қ. курс барысында оқып – үйренгендерін айтып өтті. Ирубаева Б.Т., «Білім беру ұйымдары, оқу – әдістемелік кабинеттер, оқу-әдістемелік орталықтар әдіскерлерінің және облыстық білім басқармаларының техникалық және кәсіптік білім беру технологияларын енгізу», Ишанғалиев А.С., «CLIL (КЛИЛ) әдістемесі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пәндік – тілдік интеграцияланған оқыту», Қосалиева Г.Қ. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру ерекшеліктері» тақырыбында үйренгендерімен бөлісті. Курстың мазмұнды және қызықты болғандығын атап өтіп, алғыстарын білдірді.

**4 – мәселе бойынша:** «Өз бетінше білім алу тақырыбында оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру. Мәселелер. Жетістіктер. Болашағы» тақырыбында Турешова Г.Ж. баяндама жасады. Өз баяндамасында ол педагогтардың ғылыми – зерттеу жұмыстарымен шұғылданудың маңызына басты назар аударды және өздері және студенттерді ғылыми жұмыстармен шұғылдануға тартуға ұсыныс жасады. Сыныптан тыс шара ретінде оқушылар конференцияларын, ғылыми – зерттеу оқуларын өткізуді ұсынды.

**5- мәселе бойынша:** Р.С.Масалимова ПЦК оқытушылары сабақ өткізу және оқу құжаттарын жүргізу сапасы туралы колледжішілік бақылау нәтижесіне тоқталды. Бақылау қорытындысы бойынша инженер – педагогтарға оқушылардың толықтай сабаққа қатысуларын қамтамасыз ету тапсырылды. Сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін, АКТ – ды қолдануды және оқушылардың белсенді жұмыс жасауларына басты назар аударуды ұсынды. Жалпы бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп бағаланды.

**6 – мәселе бойынша:** Ж.С.Ахмадиеваның «Колледждің әдістемелік тақырыптарын жүзеге асырудағы кітапхана рөлі.» баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар баяндамасы жаңа ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, кітапхананың мерзімді басылымдарына шолу жасады.

### **Шешім қабылданды:**

1. Тілдер онкүндігінің жұмыс есебі және материалдары жинақталсын.
2. «Кәсіпқор» холдингі өткізген біліктілік арттыру кустарынан өткен өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының шығармашылық есептері тіркелсін және тәжірибеде жүзеге асырулары қадағалансын.

3. Өз бетінше білім алу тақырыбында оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру жұмыстарын жандандырылсын.
4. Инженер – педагогтар өз сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін қолдансын және оқушылардың өзіндік белсенді жұмыстануларын дамыту барысында жұмыстансын.
5. Колледж инженер – педагогтары, студенттермен бірге колледж кітапханасымен тығыз байланыста жұмыстансын.

Кенес төрайымы:

 Турешова Г.Ж.

Хатшы:

 Шайжанова А.А.

**Орал политехникалық колледжі  
әдістемелік кеңесінің 2018-2019 оқу жылындағы  
№3 отырысының хаттамасы**

11.01.2019ж.

**Қатысқандар:** колледждің инженер – педагогикалық ұжымы

**Кеңес төрайымы:** Турешова Г.Ж., директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Кеңес төрайымы: Турешова Г.Ж., директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Кеңес хатшысы: әдіскер Шайжанова А.А.

Кеңес мүшелері:

1. Масалимова Р.С. – директордың ОЖ жөніндегі орынбасары;
2. Горлов М.П. – директордың ӨОЖ жөніндегі орынбасары;
3. Запраметова Н.И. – директордың ТЖ жөніндегі орынбасары;
4. Бейлова М.С. - гуманитарлық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
5. Тулегенова К.К. – жаратылыстану – математика бағытындағы ПЦК жетекшісі;
6. Ниязов Қ.К.. - дене тәрбиесі және АӘД ПЦК жетекшісі;
7. Капашева М.Т. - құрылыс бағытындағы ПЦК жетекшісі;
8. Султанова Г.А. - электр техникалық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
9. Мулдашева К.Ұ. - автотехникалық бағыттағы ПЦК жетекшісі;
10. Нұрахметова Ж.С. – колледждің кәсіподақ ұйымы төрайымы.

**Күн тәртібінде:**

1. Әдістемелік кеңестің №2 отырысы шешімінің орындалуы
2. 2018-2019 оқу жылындағы бірінші семестрінің нәтижелері. Ішкі колледж бақылауының нәтижелері (жаңадан бастаған және аттаттаудан өтетін ұстаздардың сабақтарына қатысу).
3. Студенттердің білім сапасының мониторингі.
4. «Заманауи ғылым — ілгерілеу қадамдары». 2018 - 2019 оқу жылында колледж оқытушылары мен студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау (педагогикалық оқулар мен ғылыми-практикалық конференцияларға, конкурстарға, олимпиадаларға және т.б.).

**Күн тәртібі бойынша тыңдалды:**

**1 – мәселе бойынша Турешова Г.Ж.:** Әдістемелік кеңестің №2 отырысы шешімі орындау барысында іс – шаралар жүзеге асырылуда. Тілдер онкүндігінің жұмысын есебі мен материалдары жинақталды. «Кәсіпқор» холдингі өткізген біліктілік арттыру кустарынан өткен оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің (Кабашева Ж.А., Ирубаева Б.Т., Ишанғалиев А.С., Косалиева Г.Қ.) есептері тыңдалып, жинақталды. Инженер – педагогтар мүмкіндіктерінше өз сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін пайдалануда. Кітапхана – педагог – студент арасында тығыз шығармашылық байланыс орнату мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

**2 – мәселе бойынша Шайжанова А.А.:**

Колледжде 2018 – 2019 оқу жылының бірінші жарты жылдығында нәтижеге бағдарланған әдістемелік жұмыс ұйымдастырылды, жоспары құрастырылып, іс жүзіне асты. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда төмендегі бағыттар басшылыққа алынды:

1. Инженер - педагогтардың біліктілігін көтеру жүйесі.
2. Колледждің әдістемелік қызметін жетілдіру.
3. Озық тәжірибені оқып үйрену, тарату.



#### 4. Педагогтардың жаңашыл қызметтерін жандандыру.

Колледждің әдістемелік жұмысы, пәндік циклды комиссияларға шоғырланған және колледждің әдістемелік кеңесі арқылы басқарылады. Колледж директорының бұйрығы бойынша Әдістемелік кеңес құрылып, жұмыс жоспары бекітілді және бірінші жарты жылдықта кеңестің екі отырысы өткізілді. Отырыстарда ПЦК жоспарлары, педагогтардың оқу – жоспарлау құжаттары қаралып бекітуге ұсынылды.

Қазіргі таңда инженер – педагогтардың сапалық құрамы мынадай:

Барлығы – 63 инженер – педагог.

Оның ішінде оқытушылар – 40;

өндірістік оқыту шеберлері – 20.

Жоғары және бірінші санатты педагогтар саны – 35, жалпы құрамның 53% -ын құрайды.

Бірінші жарты жылдықта 7 педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті. Олардың ішінде Кәсіпқор Холдинг өткізген жаңа білім беру бағдарламалары бойынша Шахаев Т.Е., Сарсен Қ.А., Қосалиева Г.Қ., Ирубаева Б.Т., Иманғалиев С.Ж., Кабашева Ж.А. біліктіліктерін арттырса, кітапхана меңгерушісі Ахмадиева Ж.С. «Өрлеу» БАҰО БҚО филиалы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институтында курстан өтті.

Аттестациялық комиссия жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп отыр. 2019 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтардың шығармашылық портфолиоларын жинақталуда. 2019 жылы аттестациядан өтетін педагогтар: жоғары санатқа – Турешова Г.Ж., Матыбаева Б.С., Дарғалиева Ф.М.; бірінші санатқа – Дюсенова Э.Д., Жардемова С.С.; екінші санатқа – Жаманбаева А.Е., Султашева А.Е., Сарсен Қ.А.

Ұстаздардың педагогикалық шеберлігін және оқушылардың білім, білік дағдыларын көрсететін жұмыстардың біріне пән апталықтарын неме онкүндіктерін өткізу жатады. Пән онкүндіктерінің кестесі әдістемелік кеңес отырысында құрылды және осы оқу жылында ауқымды іс-шараларды қамту мақсатында пән онкүндіктерін өткізу жоспары жылдың басында жасалынды. Бірінші жарты жылдықта Тілдер апталығы, Автотехникалық бағыттағы және Құрылыс бағытындағы ПЦК онкүндіктері өткізілді. Онкүндіктер жұмысына кеңірек толталып өтер болсам.

2018 жылғы 17 - 29 қыркүйек айында **«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫН БІРІКТІРЕТІН ТІЛ»** тақырыбында апталық аясында Қазақстан Республикасының Тілдері күні мерекесіне арналған шаралар оздырылды. Алғашқы күні «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» тақырыбында ақпараттық стенді жасақталып, 18 қыркүйек күні I санатты тарих пәнінің оқытушысы Баян Сериковна Матыбаева I курс студенттері арасында «Алаш елі - қазақ елі» тақырыбындағы конференцияда студенттердің өз ойын айта білуге, жүйелі түрде ойлауға, ізденуге бағыттау, іс-әрекеттерді реттеуге үйрету, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру мақсатында ұйымдасытырылған шара болды. Сонымен қатар шара барысында оқытушы оқушыларға алаш елі туралы баяндап, өз елінің ұлтжаны болуға, еліміздің болашағы жастардың қолында екенін баса айтты, тәрбиелік мәні зор шара болды. 19 қыркүйек күні II санатты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Рима Үмбетова «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл» атты сыныптан тыс шарада әртүрлі тапсырмалар беру арқылы оқушыларға қазақ халқының салт – дәстүрі, тағамы, қазақ халқының қонақжайлығы мен бауырмалдығы туралы насихаттап, елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен, қазақтың ұлттық коды – төл жазу латын әліпбиімен байланыстыра отырып, оқушыларға қызықты етіп өткізсе, I курс №23 - топта «Тілден терең теңіз жоқ» атты сайысты жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің оқытушысы Нурия Кадемовна Гильманова және I санатты тарих пен география пәндерінің оқытушысы Шахаев Танат Есенгельдиевичпен бірлесе отырып, сайыс барысында сахналық қойлым мен ән шырқап, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру, оқушыларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оздырылға шара өткізді. Ал I санатты ағылшын тілі пәнінің

оқытушысы Дарғалиева Фарида Мустафиевна «Иностранный язык объединяет мир» тақырыбында оқушылар конференциясы жоспарға сай өткізсе, шара барысында оқушылар өз беттерімен дайындаған жұмыстарын қорғап, талқылап, көкейлеріндегі сұрақтарға жауап алып, баяндаса, I санатты ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Нургуль Тастемировна «Роль иностранного языка в современном мире» атты диспут сабағы оқушылардың қызығушылығын арттыратын, әдістемлік жағынан жақсы құрылған, өте жақсы, жоғары деңгейде, сабақтың кәсіби бағдары тартымды, оқытушы уақытты тиімді пайдалана біліп қатысушылардың көңілінен шыққан мақсатына жеткен шара деп бағаланды. Жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Бейлова Маржан Серікбаевна мен Сағатова Балқия Дүйсенбаевна II курс студенттері арасында «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты сайыс сабақ өткізді. Сайыс үш тілде оздырылды. Топтарды таныстыру, тіл туралы өлең жолдарын оқу, грамматикалық тапсырмаларды орындау, шығармашылық жұмыс, жалғасын тап, бәйге сияқты бірнеше кезеңдерден тұрды. Оқушыларды бойындағы шапшаңдық, ұқыптылық, тез шешім қабылдау, өз ойларын еркін жеткізу секілді қасиеттері сайыс барысында ескеріліп, қойылған критерийлерге сай топ жеңімпаз атанды. Апталық өз деңгейінде ұйымдастырылған «Тіл тұтастық туы» атты әдеби – сазды кешпен қорытындыланды.

2018 жылдың 22 қазан - 2-ші қараша аралығында «**ЕЛ ТІРЕГІ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ**» тақырыбында автотехникалық бағыттағы ПЦК онкүндігі оздырылды.

Апталық аясында I санатты арнайы пәндер оқытушысы Серік Жанғалиевич Иманғалиев «Тиеу және түсіру жұмыстарындағы техникалық қауіпсіздік талаптары» тақырыбындағы ашық сабақты өз дәрежесінде өткізді. Сабақ барысында видеороликтерді көрсету арқылы, өз бетінше іздене білуге дағдыландыру, оқуға деген ынтасын арттыру, білім алушылардың қауіпсіздігі, жұмыс барысындағы қауіпсіздік жөнінде түсінідіріп өтсе,

I санатты өндірістік оқыту шебері Султан Амантаевич Давлетов студенттердің алған білімдерін тиянақтай отырып, тапқырлыққа, ізденіп шешім қабылдауға, ауызбіршілікке, ойын жинақтай білуге, алған білімдерін машықта тиімді қолдануға үйрету мақсатында «Автомобиль генераторы» тақырыбындағы ашық сабағын «БИПЕК - АВТО» өндірістік базасында жоспарға сай өткізді.

Ал 29 қазан күні I курс №23 - топта I санатты өндірістік оқыту шебері Камшат Ұзақбаевна Мулдашеваның «Кешенді жұмыс: қол аралармен металл кесу» тақырыбындағы өндірістік оқыту сабағы студенттердің өткен сабақтардан алған білімдерін еске түсіру арқылы білімдерін тереңдету, сабақ барысында терминдерді есте сақтау және практикада пайдалану, ойлау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру, оқушыларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында өткізілген сабақ болды.

30 қазанда өндірістік оқыту шебері Аубакир Касымбаевич Ажмуратов «Начальное обучения учащихся на легковом автомобиле», II санатты өндірістік оқыту шебері Александр Евгеньевич Лухманов «Начальное обучения учащихся на грузовом автомобиле ГАЗ 3309» тақырыбындағы ашық сабағын өз дәрежесінде өткізсе, I санатты өндірістік оқыту шебері Мурат Кумарович Ержанов «Ілініс пен карданды берілісті бұзып-жинау» тақырыбындағы сабағында АКТ, ТКР, бейнебаяндарды тиімді қолдана отырып, сабақ барысында іскерлік пен дағдыны қалыптастыра білді және тапқырлыққа тәрбиелеуге ұмтылды.

Сонымен қатар 2 қараша күні I санатты өндірістік оқыту шебері Талғат Темирболатович Ажмуратов «Комплексные работы» тақырыбындағы ашық сабақтарын өз деңгейінде өткізіп, қатысушылар тарапынан жақсы пікірлерге ие болды. Сонымен қатар, 2 қараша күні студенттердің мамандыққа деген қызығушылығын арттыру, талантты, шығармашылық көзқараспен жұмыс жасайтын студенттерді айқындау және оларды қолдау, шығармашылық белсенділіктерін арттыру мақсатында «Ғылым әлемін ашамыз» атты колледжішілік оқушылар конференциясы ұйымдастырылды.

Конференцияға I,II,III курс студенттерінің барлығы белсенді, жауапкершілікпен ат салысты. Қатысушылар жұмыстарын қорғап, жеңімпаздар анықталды және дипломдармен марапатталды. Апталық аясында тәжірибе алмасу мақсатында барлық ПЦК мүшелері ашық сабақтар мен сыныптан тыс шараларға қатысып, өз ойларымен бөлісті. Барлық өткізілген сабақтар өз деңгейінде талапқа сай өткізілді. Автотехникалық бағыттағы ПЦК мүшелері сабақ барысында АКТ – ны, бейнематериалдарды ұтымды қолдана білді. 2018 жылдың 12 – 23 қараша аралығында «Ізденіс. Шығармашылық. Шеберлік» тақырыбында Құрылыс бағытындағы ПЦК онкүндігі өз жұмысын бастады. Онкүндіктің ашылуына байланысты алғашқы күні онкүндік жоспары, 1-курс студенттерінің «Құрылысшы-икемділік, құрылысшы-мамандық» айдарымен қабырға газеттері ұсынылды. 05.11. 2018 күні арнайы пәндер оқытушылары А. Б. Султашева мен А. С. Жанабаева «AutoCad жобалық бағдарламасын тиімді пайдалану жолдары» тақырыбымен 141 және 142-топ студенттері - түлектермен болашақ дипломдық жобаға даярлық мақсатында шеберлік сынып өткізді. Шеберлік сыныпта оқытушы А. Б. Султашева бағдарлама, оның маңыздылығы, тиімді пайдалану жолдары және тағы да басқа жобалық бағдарламалар жөнінде баяндаған болса, 141-топ студенттері Исаев, Садыровтар да бұл бағдарлама жөнінде өз деректерін ортаға салды. Техник-құрылысшы біліктілігін даярлауда маңызды рөлі бар бағдарлама туралы мәліметтен сыр шертілген жақсы шара болды. Жас маман Қ. А. Сарсен 16-топ студенттерімен «Моя рабочая профессия» тақырыбында рөлдік ойын түріндегі сыныптан тыс шара өткізді. Шара үш тілде оқушылардың колледжіміздегі жұмысшы біліктіліктері туралы қызықты деректерімен есте қаларлықтай болды. Топ студенттері белсенділік танытып, өз деңгейінде өткізуге ат салысты. Өндірістік оқыту шеберлері Қ. Б.Нурмуханов пен А. Ғ. Шангереев 07.11.2018 күні 1-курс студенттерімен «Беттік материалдарды өңдеу түрлері» тақырыбында кәсіби сайыс өткізді. Топ студенттерінен құралған екі команда алдымен сәлемдесіп, ГКТ және фанерадан берілген сызба бойынша пішіп, өндеп, өзара сайысқа түсті. Арасында студенттер өз өнерлерін де көрсетіп, шараның қызықты өтуіне өз үлестерін қосты. 1-курс студенттері өздерінің мамандыққа деген икемділіктері мен қызығушылықтарын көрсеткен жақсы шара болды. «Өңдеу құрылыс жұмыстарының шебері және «Құрғақ әдіс құрылысының маманы» біліктіліктері бойынша білім алатын топтарда Өндірістік оқыту шеберлері А. Ж. Сағынаева мен К. З. Мусиева «Ғажайып дала» құрылыстық викторинасын ұйымдастырды. Викторина құрылыс саласы бойынша қарапайым сұрақтар мен еңбекті қорғау бойынша сұрақтарды қамтыды. Топ студенттері қызығушылықпен жауап беріп, тартымды сыныптан тыс шараның өз деңгейінде өтуіне ат салысты. 09.11.2018 күні арнайы пәндер оқытушысы А. Б. Султашева 8-топта «Қыптасты тақталардан еден орнату технологиясы» тақырыбында ашық өткізді. Сабақ өте мазмұнды және түрлі әдістемелік тәсілдерді шебер пайдаланып өткізілген сабақ болды. Жас маман А. Б. Султашева сабақтың әр бөліміне мән беріп, ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланды. «Құрылыс шебері» біліктілігі бойынша білім алатын 6-топта өндірістік оқытушебері П. А. Судаков «Соединение «на ус» со вставным круглым шипом» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Тәжірибелі маман өз сабақ өте жақсы дәрежеде өткізді. Студенттерге «мұртша» тәріздес қосылыстың жасалу технологиясын түсіндіріп, жасап, көрсетті. Студенттер де сабақ соңында өз білімдерін тақырып бойынша қаншалықты меңгергендіктерін практикалық тұрғыда, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып орындап, өз білімдерін іс жүзінде көрсете білді. Өндірістік оқыту шебері В. Г. Неводов пен арнайы пәндер оқытушысы М. Т. Капашева 12.11.2018 күні «Стеклосервис» ЖШС-де «Стекольные работы» тақырыбымен өндірістік цехқа танымжорық жасады. 131-топ пен 16-топ студенттерінен құрылған шағын топ студенттері өңіріміздегі шыныны қайта өңдеу цехының жұмыс өндірісімен танысып, шыныны бояу, шындау, жиектерін өңдеу, шыныпакет өндірісімен танысып, шынайы өндіріс жағдайында жұмыс жасау жөнінде өз көздерімен көріп, біршама мағлұмат алып, жақсы әсерде қайтты. «Құрғақ әдіс құрылысының маманы» біліктілігі бойынша өндірістік оқыту шебері К. З. Мусиева 28-топта өндірістік оқытудан «Сылақты оң жақ қолмен лақтыру технологиясы»

тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сулы сылақты даярлау мен қабырға бетіне қалақ көмегімен лақтыру техникасын жақсы меңгерткен сабақ өз мақсатына жетті. «Заготовка ламинированных щитов» тақырыбында «Элита ЖШС» элеуметтік серіктестік базасында ұста цехында 16-топ студенттерімен өндірістік оқыту шебері В. Г. Неводов ашық сабақ өткізді. Заманауи еден жабынын дайындау мен төсеудің қыр-сыры топ студенттері өндіріс орнында даярлап, төсеу технологиясын меңгерді. Элеуметтік серіктестік тәлімгерлері тарапынан да қолдау көрсетіліп, еңбек қауіпсіздігі қатаң сақталған күйінде студенттер пластмассалық заманауи кең тараған еден жабынын монтаждауды меңгерді. 13.11.2018 күні «Өңдеу құрылыс жұмыстарының шебері» біліктілігі бойынша 8-топта өндірістік оқыту шебері А. Ж. Сағынаева ашық сабақ өткізді. Сәндік сылақ ерітіндісін дайындау мен лақтыру және жағу технологиясын меңгертумен ерекшеленген ашық сабақ жақсы деңгейде, А. Ж. Сағынаеваның практикалық тұрғыда өзі шебер көрсетіп, студенттердің тыңғылықты, сылақ талаптарына сай орындалуымен екрешеленді. Жас маман, арнайы пәндер оқытушысы А. С. Жанабаева 131-топта «Терезе және есік блоктары» тақырыбында «Гас қалаушы арнайы технологиясы» модулі бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақта ақпараттық технологияның бар мүмкіндіктерін орынды пайдаланып, студенттердің белсенділік көрсетіп, тақырыпты ашуына қол жеткізген жақсы сабақ өз деңгейінде өтіп, мақсатына жетті. 14.11.2018 күні «Құрғақ әдіс құрылысының маманы» біліктілігі бойынша 121-топта арнайы пәндер оқытушысы М. Т. Капашева мен Қ. Б. Нурмуханов «Металл қаңқаларды монтаждау» тақырыбында арнайы технология мен өндірістік оқытудан бинарлы сабақ өткізді. Жаңа білімді өз беттерінше теориялық және практикалық тұрғыда меңгеруге бағытталған ашық сабақ студенттердің бар ынталарын салып, білімді меңгеруге деген құлшыныстарының бар екендігімен ерекшеленді. КНАУФ жиынтық жүйесінің құралдары мен материалдарын кешенді пайдаланып, технологияны барынша реттілігін сақтай отырып, сапаға сай монтаждауды меңгерген ашық сабақ жақсы деңгейде өтті. «Құрылыс шебері» біліктілігі бойынша білім алатын 27-топта өндірістік оқытудан А. Ғ. Шангереев «Жұмысқа жақ тәрізді араларды дайындау» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ұстаның ең қажетті құралын жұмысқа даярлаудың қыр-сырын меңгерткен ашық сабақ өз мақсатына жетті. 15.11.2018 күні арнайы пәндер оқытушысы, жас маман Қ. А. Сарсен 16-топта арнайы технологиядан «Доски ипользуемые дл изготовления каркаса деревянных домов» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ үш тілді мазмұнда, оқытудың жаңа технологияларын қолданып өткіуімен ерекшеленді. Өндірістік оқыту шеберлері Қ. С. Султанов пен П. А. Судаков 6 және 17-топ студенттерімен «Көңілді тапқырлар» кәсіби сайысын оздырды. Сайы екі тілде екі түрлі жұмысшы біліктіліктері бойынша білім алатын студенттермен қызықты өткізілді. Студенттер гипскартон мен фанерадан өз шеберліктерін дайындама жасау арқылы сыннан өткізіп, көрсете білді. Мамандыққа шындауда өзіндік орны бар кәсіби жақсы сайыс болды. 16.11.2018 күні «Қаңқа-қаптауыш құрастырымдар құрастырушысы» біліктілігі бойынша білім алатын 17-топта өндірістік оқытудан «Гипскартоннан кіші радиустық қисықсызықты элементтерді жасау» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Ашық сабаққа өндірістік оқыту шебері Қ. С. Сұлтанов тыңғылықты даярланып, интерьерді жасаудағы ГКТ мүмкіндіктерін шебер аша білді. Топ студенттері де өз икемділіктерін барынша көрсетіп, ГКТны сулай, фрезерлеу арқылы ию технологиясын меңгергендіктерін практикалық тұрғыда көрсете білді. Онкүндіктің соңғы күні барлық ПЦК мүшелері өздері өткізген сыныптан тыс шара мен ашық сабақтарына шолу жасап, сондай-ақ өзара шаралар мен сабаққа қатысу бойыша әсерлерімен бөлісіп, есеп берді. Әрбір инженер-педагогтың есебі мен пікірі тыңдалып, сарапқа салынды. Сонымен қатар Жас мамандар мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес қыркүйек айында колледждің жас педагогтары үшін «Жүйрік ойлы, тапқыр жас маман» тақырыбында коучинг сабақ өткізілді. Коучинг сабақ ой қозғау, топтық жұмыс, «Сыйқырлы сандықша», «Капитан», «Фрайдер» әдістері арқылы жүзеге асырылды және эстафета түрінде өткізілді. Эстафетаның «Жорға» бөлімінде топ басшыларына сұрақтар қойылса, келесі бөлімде дәстүрлі сабақ, сыныптан тыс шара,

модульдік бағдарламаға негізделген сабақ жоспарын құру және онда қолданылған әдістер туралы баяндау, айырмашылықтарын тану тапсырылды. Сонымен қатар, шараға қатысушылар ТЕДх, КЛИЛ, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары, кубизм, ашық және жабық сұрақтар, фишбоун әдістері жөнінде постер қорғады. Үш тілділік бойынша тапсырмаларды орындап, белсенділік танытты. Бұл шараға қатысқан әр педагог өз шығармашылығы үшін қолдануға болатын көптеген мәліметтер ала алды деген үміттеміз. Сонымен қатар осы қыркүйек айында модульдік оқыту бағдарламаларымен сабақ өткізетін педагогтар үшін «Модульді оқыту бағдарламаларын оқу үдерісінде қолданысқа енгізу» тақырыбында әдістемелік семинар өткізілді. Семинар барысында модульдік оқу бағдарламаларын құрастыру, жалпы оқу – жоспарлау құжаттарын жасақтаудағы ерекшеліктер туралы ақпараттар беріліп, Практикалық жұмыстар орындалды. Педагогтардың тақырып бойынша сұрақтарына жауап беріліп, талқыланды. Педагогтардың іс – тәжірибелері облыс, республика көлеміндегі газет – журнал беттерінде жарияланып отырды. Республикалық «Колледж: кәсіптік білім беру» педагогикалық – әдістемелік журналының №7 санында ағылшын тілі пәні оқытушысы Ф.М.Дарғалиеваның «Welding» сабағы және №10 санында «The Constitution of the Republic of Kazakhstan» сыныптан тыс шарасы жарияланса, арнайы пән оқытушысы Э.Д.Дюсенованың «Составление и сборка схемы электропроводки для двухкомнатной квартиры по отдельной схеме питания светильников и штепсельных розеток» сабағы мен «Менің мамандығым» сыныптан тыс шарасы осы журналдың №10,12 сандарында басылып шықты. Облыстық «Жайық ұстазы» газетінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы санында әдіскер А.А.Шайжанованың «Өсу қадамы әдіскерлер мектебі» мақаласы жарияланды. Колледждің инженер – педагогтары мен студенттер І жарты жылдықта әртүрлі шараларға белсенді қатысып, іс – тәжірибе алмасып, шығармашылықтарын шыңдап отырды. 2018 жылдың 7 – 10 қазан аралығында директордың орынбасарлары М.П.Горлов, Н.И.Запраметова, Г.Ж.Турешова ТжКББҰ директорларының орынбасарларына арналған « Өсу векторы – 2018» жобасы аясындағы «Табысқа жету формуласы» форумына қатысты. Арнайы пәндер оқытушысы Қ.А.Сарсен қазан айында «Өсу қадамы» әдіскерлер мектебінің тыңдаушылары үшін «Арнайы пән сабақтарын өткізуде КЛИЛ технологиясын қолдану» тақырыбында шеберлік сыныбын көрсетіп, ағылшын тілін өз сабағында қолдану бойынша іс – тәжірибесімен бөлісті. Өткен жылдың желтоқсан айында өткен «Кітап оқитын колледж» облыстық байқауына кітапхана меңгерушісі Ж.С.Ахмадиева қатысып, жүлделі 3 орынға ие болды.

Қараша айында ТжКББҰ студенттері арасында Экономика пәні бойынша өткен облыстық олимпиадаға 3 курс студенті Киреева Дамира экономика пәні оқытушысы В.Б.Бекесованың жетекшілік етуімен қатысып келді. 2018 жылдың желтоқсан айында Астана қаласында өткен WorldSkills Kazakhstan Ұлттық чемпионатында «Сылау және декоративті жұмыстар» құзыреттілігі бойынша Қажен Данияр 3 орынға ие болды (жетекшісі Нурмуханов Қ.Б.). «Құрғақ құрылыс пен сылақ жұмыстары» құзыреттілігі бойынша қатысқан Бигалиев Ернар медальон атанып жетекшісі Мусиева К.З.), үздіктер қатарынан көрінді. Аталмыш чемпионатқа біздің колледжден Қ.Ж.Қырықбаев қазылар алқасының төрағасы ретінде, Ж.С.Нурахметова, А.Ғ.Шәңгереев, Қ.Б.Нурмуханов срапшы ретінде қатысып, республикалық деңгейдегі шараның жоғары деңгейде өткізілуіне өзіндік үлестерін қосты. Атқарылған шаралар аз емес, жоспарланған жұмыстар да өз ретін күтіп тұрғаны рас. Колледжде жүргізіліп жатырған іс – шаралар, оқушылардың жетістіктері әрине инженер – педагогтардың өз жұмыстарына деген жауапкершіліктерінің, шығармашылықтарының жемісі. Колледж тарапынан да педагогтарды қолдау, ынталандыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп отырды. Осы оқу жылының ішінде өндірістік оқыту шебері В.А.Лакеев «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, А.И.Нуржанов, Ж.С.Нурахметова, М.Т.Капашева, М.Г.Кульмуханова, Р.С.Масалимова ҚР Білім және ғылым министрінің Құмет грамотасымен,

Н.К.Гильманова, Т.Е.Шахаев, С.А.Заварзин БҚО білім басқармасының Құрмет грамотасымен және Қ.Б.Нурмуханов облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

**3 – мәселе бойынша** Р.С.Масалимова студенттердің білім сапасының мониторингімен таныстырды. 2018 - 2019 оқу жылының бірінші жарты жылдығы бойынша жалпы білім сапасы – 48,3%, оқу үлгерімі – 96,2%, орта балл - 3,5. Оқу жылының бірінші жартысын «5» ке аяқтаған оқушылар саны – 14; «4» ке аяқтаған оқушылар саны – 306; «3» ке аяқтаған оқушылар саны – 315; аттестатталмағандар саны – 24.

**4 – мәселе бойынша** Г.Ж.Турешова «Заманауи ғылым — ілгерілеу қадамдары» тақырыбын қозғап 2018 - 2019 оқу жылында колледж оқытушылары мен студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау жасады. 2018ж. Қараша айында Ақтөбе автожол колледжінде Тұңғыш Президент күніне орай ТжКББҰ студенттері арасында өткен «Студенттер көзімен Қазақстан Республикасының жаңа мүмкіндіктері мен даму болашағы» атты аймақтық студенттердің ғылыми – практикалық конференциясында Сапарова Айшолпан 1 орын; Асанов Адиль 2 орын; Чиненко Сергей 3 орын; Меңдіғалиев Жігер – сертификат; Жангелдин Нұрдаулет – сертификат; Аюпова Салтанат – сертификат; Киреева Дамира – сертификат иеленді. Облыстық «Ақжайық – туған мекенім, қойнауың тұнған шежіре» атты студенттік ғылыми – практикалық конференция - 2 курс студенті Құлмуханбетов Райымбек «Туған жерінің патриоты» номинациясын, Республикалық «Бейбітшілік» тақырыбындағы «Үздік шығарма немесе эссе жазу» байқауы - Құлмуханбетов Райымбек 3 орын иеленді. «Адамзат таныған ұлы тұлға – Шаһкәрім» атты облыстық көрермен – оқырман конференциясы - 1 курс студенті Сергеев Сырым – қатысты. 2018ж. өөкен «Астананың болашағы – менің бақытымның кепілі» атты республикалық студенттік ғылыми – практикалық конференцияға қатысып Изғалиев А. – 1 орын + сертификат; Александров П. – 2 орын + сертификат; Кораблев В. – қатысушы сертификаты; Есенжолов Е. – қатысушы сертификатын иеленді. 2018ж. «Заманауи ғылым» атты республикалық студенттердің ғылыми жұмыстар байқауында Жантурьева Г. – 2 орын, Давлетов Р. – 1 орын; Бигалиев Д. – 2 орыннан көрінді. 2018ж. «COLLIEGE STARTUP» облыстық бизнес жоба байқауында – Садыров Қ. «Іскерлік идея» номинациясымен мапатталды.

#### **Шешім қабылданды:**

Оқу – әдістемелік жұмыс жоспарға сай жалғастырылсын, оқу үдерісінде жаңашыл педагогикалық технологиялардың қолданылуы қадағалансын.

Білім алушылардың білім сапасын арттыру бағытында жұмыстан жандандырылсын.

Инженер – педагогтар мен оқушылардың ғылыми – зерттеу жұмыстарымен шұғылдануларына қолдау көрсетілсін.

Кенес төрайымы:  Турешова Г.Ж.

Хатшы:  Шайжанова А.А.